


«Математикалық сандық»

5-7 сыныптар



10784.36
5
9 ÷ 1
2.719372






Сабақтың мақсаты:




- Оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру, математикалық ойлау қаблетін дамыту, алған білімдерін тереңдету есептеу дағдыларын жетілдіру.*



ОЙЫННЫҢ БАРЫСЫ:



1. Топтың өзін таныстыруы, амандасу рәсімі.
2. Бәйге (логикалық есептер)
3. Математикалық баскетбол
4. Ғажайып алаңы (есептер шығару)
5. Кім жылдам
6. Минитест
7. Жауабын тап (дәреженің формулаларын





I тур

**Таныстыру. (Әр команда өздерін
таныстырады)**



II тур. «Бәйге» (Әр топ 1 минут ішінде 10 сұраққа жауап беру керек. Егер жауабын білмесеңіздер «келесі» деп жауап бересіздер)

І топқа:

1. Өздерің оқып отырған «Алгебра» пәні оқулығының авторы
2. 7 майшам жанып тұр 4-ін сөндірсек неше майшам қалады
3. Үш сызықтан пайда болған фигура
4. $\frac{1}{10}$ санының кері саны
5. Екі нүктенің арасындағы түзу
6. Ең үлкен уақыт өлшемі
7. Дәлелдеусіз қолданылатын тұжырым
8. Екі қатынастың теңдігі
9. Теріс санның модулі
10. Тік бұрыштан кіші бұрыш

II топқа:

1. Шаманың $\frac{1}{100}$ – бөлігі
2. Кері сандардың көбейтіндісі
3. Шеңбер сызуға арналған құрал
4. Үстелде 3 стақан сүт бар. Алмаз 1 стақан сүтті ішіп қойды. Үстелде неше стақан бар?
5. Нанды 3 бөлікке бөлу үшін нанды неше рет кесу керек.
6. 15 минут сағаттың қандай бөлігі
7. $\frac{2}{3}$ - нің кері саны
8. Тік бұрыштан үлкен
9. Он санның модулі
10. Дәлелденетін тұжырым

Ш тур. «Математикалық баскетбол».

Шарты: Әр топқа үш есеп беріледі. Әр топ өз командасынан тек үш оқушыны шығарады. Топқа үш есеп экранда кезегімен беріледі. Әр есепті бір ғана оқушы шығаруы тиіс, ол есептің жауабын айтып допты келесі оқушыға лақтырған кезде ғана сол оқушының есебі экранға шығады. Сонымен әр топқа үш есепті шығаруына тек 1 минут уақыт беріледі.

I – топ

1) $(3^3 - 23)^2 =$

2) $5 \cdot \left(\frac{3}{5}\right)^2 =$

3) $13^2 + 11 =$

II – топ

1) $(4^2 - 10)^2 =$

2) $(-4 \cdot \frac{1}{2})^3 =$

3) $16^2 + 4 =$



IV тур. «Ғажайып алаңы».



«Ойлан, тап»



		<u>20</u>	<u>30</u>	<u>40</u>	
		<u>20</u>	<u>30</u>	<u>40</u>	
		<u>20</u>	<u>30</u>	<u>40</u>	
		20	30	<u>40</u>	





(әзіл есеп) «Түлкі мен қасқыр»

Екеуі тегін балыққа тап болады. Қасқыр айтады «Мен математикаға нашармын, балықты сен бөл» дейді түлкіге. Сонда түлкі саған біреу, маған екеу, саған үшеу, маған төртеу т.с.с. Ең соңында жиырма балықты өзіне салады. Кім көп алды және қаншаға артық алды?



10784.36
5x9=1
2.71372



(әзіл есеп) «Қу түлкі»

Шал балықтарды көп аулап әндетіп келе жатса, жолда бір түлкі сұлап жатады, шал қуанып кемпіріме жаға болады деп түлкіні шанаға салып алады. Ал түлкі жолда 1 минутта 1 балық, 2 минутта 2 балық, т.с.с. Бір лақтырғанда алдыңғы лақтырғаннан 2 есе артық лақтыра береді. 7 минутта барлығы неше балық лақтырған.






100 шөжек, 100 кг



бидайды 100 күнде

жейтін болса, 10



шөжек, 10 күнде

$$x^2 + y^2 + 2dx + 2ey + f = 0$$



қанша кг бидай жейді?

$$a = \pi r^2$$







Адам есектен неге кұлайды?






Біздікі болғанымен басқалар қолданатын нәрсе?






Бөлмеде 2 ит, 3 құс, 1 шыбын бар. Осы жануарлардың бәрінің аяқтарын қосып есептегенде қанша болады?



Екі қаладан бір мезгілде жеңіл машина мен жүк машинасы бір - біріне қарама - қарсы шықты. Жеңіл машина 80 км/сағ, ал жүк машинасы 60 км/сағ жылдамдықпен жүріп, олар 5сағаттан соң кездесті. Бастапқыда екі машинаның арасы неше км болған?

Екі бекеттің арасын жүк машинасы сағатына 60 км жылдамдықпен 4сағат жүрді. Қайтар жолды ол осы жолды 5 сағат жүрді. Жүк машинасының қайтар жолдағы жылдамдығын тап.



Жүгіру жарысынан Асет, Марат,
Талғат үш орынды алды, егер:
Марат екінші орын алмаса, ал
Талғат – үшінші орын алса, кім
қандай орын алды?

V тур. «Кім жылдам».

Шарты: Мына әріптерден геометриялық фигуралардың аттарын құрастыру.

1. а п р ц е т я и (трапеция)
2. е ң ш б р е (шеңбер)
3. ш ұ б р ш ү ы (үшбұрыш)
4. т р ұ б ы ш р ө т (төртбұрыш)
5. р в а д к а т (квадрат)
6. қ т а з ж ы қ ы (жазықтық)

